сипаттамасы «Әдістер мен материалдар» бөлімінде ұсынылған. Эксперимент кезінде алынған модельдердің дәлдігі және оқу жылдамдығының нәтижелеріне талдау жұмыстары жасалды. Сонымен қатар деректер жиынтығын екі әдіс бойынша бөліп, клиент санын біртіндеп арттырып модель дәлдігінің өзгерістерін зерттедік. Нәтижесінде ALBERT моделі клиент саны артқан кезде жақсы көрсеткіш берді 93–97%. Ал BERT моделі тұрақты нәтижелерге қол жеткізетінін және DistilBERT моделі басқа модельдермен салыстырғанда жоғары оқу жылдамдығына ие болғанымен дәлдігі төмен көрсеткіш берді. Алынған нәтижелер құпия деректермен жұмыс істегенде және федеративті оқыту модельдерін қолданған кезде қолайлы модельді таңдауға көмектеседі. Іс жүзінде бұл әдісті мәтінді талдау, агрессивті мазмұнды анықтау, деректер қауіпсіздігі маңызды жүйелерде қолдануға болады. Болашақта клиенттер санын көбейту, дифференциалды құпиялылық әдісін енгізу және басқада деректер жиынтығында эксперименттер жүргізу жоспарлануда.

Түйін сөздер: Табиғи тілдерді өңдеу, федеративті оқыту, трансформер үлгілері, біркелкі деректер жиынтығы, біркелкі емес деректер жиынтығы, клиенттер саны, оқыту жылдамдығы

© Омар А.Б.*, Мусиралиева Ш.Ж., 2026.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан.

E-mail: aiym.omar98@gmail.com

ФЕДЕРАТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ: МОДЕЛИ НА ОСНОВЕ АРХИТЕКТУРЫ ТРАНСФОРМЕРОВ

Омар Айым — докторант кафедры кибербезопасности и криптологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

E-mail: aiym.omar98@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2644-5596>;

Мусиралиева Шынар — кандидат физико-математических наук, профессор кафедры кибербезопасности и криптологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

E-mail: mussiraliyevash@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-5794-3649>.

Аннотация. *Актуальность.* Актуальность исследования обусловлена необходимостью безопасного и конфиденциального обучения моделей машинного обучения без передачи персональных данных на центральный сервер. Одним из эффективных подходов к решению данной задачи является федеративное обучение, при котором данные остаются на локальных клиентских устройствах, а на сервер передаются только обновления параметров модели. Такой подход позволяет повысить уровень защиты персональных данных и одновременно использовать распределенные данные для обучения интеллектуальных систем. *Цель.* Выявить и классифицировать агрессивный контент с применением метода федеративного обучения, а также

оценить производительность и эффективность трансформерных моделей BERT, ALBERT и DistilBERT в условиях различного распределения данных между клиентами. *Методы.* В исследовании использован набор данных English Profanity Words. Экспериментальная часть включала обучение и сравнение моделей BERT, ALBERT и DistilBERT в федеративной среде при различном количестве клиентов: 3, 5, 7 и 11. Рассмотрены два сценария распределения данных: IID, основанный на равномерном распределении набора данных между клиентами, и Non-IID, отражающий неравномерное распределение данных. Для оценки результатов использовались показатели точности, скорости обучения и матрицы ошибок. Дополнительно проанализировано изменение качества моделей при постепенном увеличении числа клиентов. *Результаты и выводы.* В ходе экспериментов установлено, что модель ALBERT показала наиболее высокие результаты при увеличении числа клиентов: точность находилась в диапазоне 93–97%. Модель BERT продемонстрировала стабильные показатели качества в разных сценариях распределения данных. Модель DistilBERT, несмотря на более высокую скорость обучения по сравнению с другими моделями, показала более низкую точность классификации. Полученные результаты позволяют определить наиболее подходящие трансформерные модели для задач анализа текста, выявления агрессивного контента и обработки конфиденциальных данных в условиях федеративного обучения. Практическая значимость исследования заключается в возможности применения предложенного подхода в системах модерации контента, интеллектуального анализа текста и обеспечения безопасности данных. В дальнейших исследованиях планируется расширить число клиентов, внедрить методы дифференциальной конфиденциальности и провести эксперименты с другими наборами данных.

Ключевые слова: обработка естественного языка, федеративное обучение, трансформерные модели, BERT, ALBERT, DistilBERT, IID, Non-IID, количество клиентов, скорость обучения.

Кіріспе. Қазіргі кезде табиғи тілді өңдеу технологиялары (NLP) айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен BERT, ALBERT және DistilBERT сияқты трансформерге негізделген модельдер көп қолданылады. Олар мәтіндерді классификациялау, мәтінге негізделген отырып көңіл-күйді талдауда және өзге NLP тапсырмаларында жақсы көрсеткіштер береді. Алайда мұндай модельдерді оқыту үшін бізге үлкен көлемдегі деректер қажет. Ал еліміздегі құпиялылық пен қауіпсіздік мәселелері барлық деректерді бір орталық серверге жинауға қарсы. Бұл ақпараттың құпиялығына қарама-қайшы іс-әрекет.

Осыған орай федеративті оқыту (FL) бұл мәселенің тиімді шешімі деп ұсынсақ болады. Мәселен федеративті оқыту әдісі деректерді орталық серверге жинаудың орнына модельді оқыту пайдаланушы құрылғыларында жергілікті түрде жүргізіледі (Cozac et al., 2025). Яғни жүйе оқыту процессі

орындалғаннан кейін, серверге тек модель жаңартуларын жібереді. Ал деректердің өзі пайдаланушы құрылғыларында құпия түрде қалады. Нәтижесінде құпиялылық пен қауіпсіздік қасиеттері сақталады. Алайда федеративті оқытудың (FL) өз қиындықтарыда болады. Бірінші мәселе, деректер жиынтығы Non-IID (бірдей бөлінбеген) сипатта болуы мүмкін. Деректер жиынтығының мазмұны және құрылымы біркелкі болмауы оқу процесін қиындатады және модель дәлдігіне әсер етуі мүмкін (Orabi et al., 2025; Kumarappan et al., 2024).

Екінші мәселе, бұл оқыту процесіне қатысатын клиент санының артуы. Яғни клиент саны артқан сайын оқыту процесіне кететін уақытта өседі, бұл уақыт өнімділігіне қарама-қайшы әсерін береді. Тағы бір айта кететін жайт, бұл модель архитектурасын дұрыс таңдай білу мәселесі. Мәселен DistilBERT сияқты модельдерде оқыту процесі тез болғанымен дәлдігі төмен болуы мүмкін. Ал BERT және ALBERT модельдері жақсы нәтиже бергенімен оларды оқыту көбірек есептеу ресурстарын және уақытты қажет етеді.

Әдеби шолу. Қазіргі кезде көптеген ғалымдар федеративті оқыту (ФО) әдісі бойынша белсенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Федеративті оқыту әдісі қандай ортада жиі қолданылатының түсіну үшін 1 кестеде әдеби шолу ұсынылған.

Кесте 1 – Федеративті оқыту әдісі негізіндегі әдеби шолу

Жылы	Автор(лар)	Жұмыс атауы	Зерттеудің мақсаты
2023	Xin'ao Wang, Huan Li, Ke Chen, Lidan Shou	FedBFPT: An Efficient Federated Learning Framework for BERT Further Pre-training	BERT модельі қолданылды. Негізгі мақсаты есептеу ресурстарының шығындарын азайту болды.
2023	Mohanad Sarhan, Siamak Layeghy, Nour Moustafa, Marius Portmann	Cyber Threat Intelligence Sharing Scheme Based on Federated Learning for Network Intrusion Detection	Желілік шабуылдарды анықтауға негізделген. Яғни бірнеше ұйым арасындағы желілік шабуылдарды анықтауға арналған модель құрды.
2024	Aradhana Sahu, K. Aanandha Saravanan	Federated LSTM Model for Enhanced Anomaly Detection in Cyber Security	Аномалияларды анықтау негізінде жұмыс жасалды. LSTM және федеративті оқыту әдісі қолданылды.
2025	B. Olanrewaju-George, B. Praunggono	Federated learning-based intrusion detection system for IoT using unsupervised and supervised DL models	IoT құрылғыларындағы аномалияларды анықтау. Яғни федеративті оқыту әдісі негізінде аномалия анықтау жүйесін құру.
2024	Arash Heidari, Nima Jafari Navimipour, Hasan Dag, Samira Talebi	A Novel Blockchain-Based Deepfake Detection Method Using Federated and Deep Learning Models	Федеративті оқыту әдісі негізінде дипфейк анықтау жүйесін құру. Сонымен қатар CNN әдісін қолдану.

2024	Tijana Markovic, Miguel Leon, David Buffoni, Sasikummar Punnekkat	Random Forest with Differential Privacy in Federated Learning for Network Attack Detection and Classification	Желілік шабуылдарды анықтау. Қосымша дифференциалды құпиялылық әдісін қолдану.
2017	H. Brendan McMahan, Daniel Ramage, Seth Hampson	Communication-Efficient Learning of Deep Networks from Decentralized Data	Шығындарды азайту мақсатында федеративті оқыту әдісін қолдану.

Федеративті оқыту әдісін алғаш рет клиенттерді оқыту кезіндегі коммуникация тиімділін арттыру мақсатында енгізді (Konečný et al., 2015). Негізгі мақсаты ретінде құпиялықты қамтамасыз ету және оқыту кезінде жеке деректердің ағып кетуіне жол бермеу болды. Енгізудегі қиындықтар: деректер жиынтығының клиенттер арасында біркелкі емес бөлінуі. Бұл модель дәлдігін және сенімділін төмендетті.

Zhao et al. (2018), Hsu et al. (2019) және Listo Zec et al. (2020) FedAvg алгоритмінің және non-IID(біркелкі емес) клиенттік деректерінің федеративті ортадағы әсерін зерттеген. McMahan et al.(2017) және Hard et al.(2018) федеративті ортада дифференциалды құпиялылық әдісін мобильді пернетақта мәтінін болжау тапсырмалары үшін қолданды.


Сонымен қатар зерттеу жұмысы BERT, DistilBERT, ALBERT сияқты трансформер архитектурасына бағытталған. Яғни аталған модельдердің федеративті ортадағы жұмыс істеу тиімділігін анықтауға негізделген.

BERT (Devlin et al., 2019) жасырылған сөзді табуға мүмкіндік беру үшін кіріс токендерінің 15%-ын жасырады. Ол SEP және CLS токендерін қолданады. SEP – екі сөйлемді бөлу үшін, ал CLS – келесі сөйлемді болжау үшін қолданылады.

DistilBERT – BERT-тің оңтайландырылған нұсқасы (Sanh et al., 2020). BERT тиімділігінің шамамен 97%-ын сақтайды. Ол жылдам жұмыс істеуге және аз жақты алуға арналған. BERT-тен басты айырмашылығы екі есе аз қабаттар санын құрайды. Мәселен BERT – 12 қабатты қамтыса, DistilBERT – 6 қабаттан тұрады.

ALBERT (Lan et al., 2020) – BERT-тің тағы бір модификациясы. Алайда ол DistilBERT-ке қарама-қарсы мақсатпен жасалған. Яғни ALBERT қабаттар санын сақтай отырып модельдің көлемін сығу арқылы айтарлықтай азайтады. Ол небәрі 45 МБ құрайды және кез-келген мобильді құрылғыға сыяды. Ол тек жақты үнемдейді, орындалу уақытын емес.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Оқыту процесін ұйымдастыру үшін DistilBERT, BERT, ALBERT модельдері қолданылды. Сонымен қатар салыстыру жұмыстары әділ болу үшін барлық модельдер бір деректер жиынтығын қолданады. Модельдерді оқыту 1-суретте көрсетілген архитектура негізінде жүзеге асырылды. Жалпы бұл архитектураны Riedel P. (2023) өз еңбектерінде ұсынған.



Сурет 1 – Федеративті оқыту процесінің құрылымы мен орындалу реттілігі

Бірінші қадам: деректер жиынтығы екі әдіс көмегімен таратылады. 1-ші: IID – деректер біркелкі таратылады. 2-ші: non-IID – деректер біркелкі емес, яғни әрбір клиенттің деректер құрамы және көлемі әртүрлі болады. Екінші қадам: мәтіндік токенизация орындалады. Мәтінді өндеудің ең алғашқы қадамы және маңызды қадамы. Ол тұтас сөйлемді жекелеген кішкентай бөлшектерге бөледі. Бұл процессті токендерге бөлу деп айтады. Токенизациядан кейінгі келесі міндетті қадам – эмбеддинг. Эмбеддинг әрбір токенді сандар жиынтығына айналдырады. Үшінші қадам: модельді оқыту кезеңі. Бұл кезеңде федеративті оқыту әдісі арқылы берілген модельді оқытады. Соңғы қадам: талдау нәтижелері. Яғни федеративті оқытудағы трансформер модельдердің өнімділігі туралы қорытынды жасау.

FedAvg алгоритмі.

FedAvg – федеративті оқыту кезінде клиенттердің жергілікті жаңартуларын біріктіретін негізгі әдіс. Федеративті оқытудағы жиі қолданылатын алгоритм. FedAvg әдісі 1-ші формула бойынша жүзеге асады:

$$\Delta v^{t+1} = \sum_{k=1}^K \left(\frac{F_k}{F} * \Delta v_k^t \right), \tag{1}$$

мұндағы K мәні клиенттердің саны, F_k мәні k -клиенттегі орындалған үлгілер саны. F айнымалысы деректер жиынтығының жалпы саны. Δv_k^t мәні t -раунд барысында k -клиенттен алынған модель жаңартуы.

Деректер жиынтығының сипаттамасы.

English Profanity Words – деректер жиынтығы қолданылды. Ол 73 572 қысқа ағылшын тіліндегі хабарламалардан тұрады. Әрбір хабарлама агрессивті (1) немесе агрессивті емес (0) деп жіктелді, яғни бинарлы жіктеу

негізінде жүзеге асады. Мысал ретінде 2-суретте деректер жиынтығындағы бастапқы 5 жолы көрсетілген. Деректер жиынтығына осы сілтеме бойынша қол жеткізе аласыз: <https://www.Kaggle.com/datasets/aiymomar/english-profanity-words>

	text	is_offensive
0	You don't know where your boyfriend is at on a Saturday night? LOL He fucking other bitches that's where he's at	1
1	@EricWithAHotDad bitch I'm done with school	1
2	"Hi) Asshole Detected Award Major Suckage detected in your personality "	1
3	Received and responded. Regards,	0
4	" The OTRS email didn't give a more specific author. Do I replace it or ought I to keep it? :ChatMe! "	0

Сурет 2 – Деректер жиынтығы


Деректер жиынтығын оқытпас бұрын тазалау жұмыстарын жүргіземіз. Мысалы: бос орындар, эмодзи, кездейсоқ таңбалар сияқты қажеті жоқ элементтерді өшіреміз. Содан кейін Transformers кітапханасынан алынған BertTokenizer, AlbertTokenizer және DistilBertTokenizer токенизаторлары қолданылады. 3-суретте әр жолдың DistilBERT моделі талап ететін форматқа түрлендірілгенің көрсек болады.

	input_ids \		attention_mask	label
0	[101, 2017, 2123, 2102, 2113, 2073, 2115, 6898...		[1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, ...	1
1	[101, 4388, 24415, 4430, 4140, 14697, 7743, 10...		[1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 0, 0, 0, ...	1
2	[101, 7632, 22052, 11156, 2400, 2350, 11891, 4...		[1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 0, 0, ...	1
3	[101, 2363, 1998, 5838, 12362, 102, 0, 0, 0, 0...		[1, 1, 1, 1, 1, 1, 0, 0, 0, 0, 0, 0, 0, 0, 0, ...	0
4	[101, 1996, 27178, 2869, 10373, 2134, 2102, 25...		[1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, 1, ...	0

Сурет 3 – DistilBERT моделіне арналған токенизация нәтижесі

4-суретте 3,5,7,11 клиент арасында деректер қалай бөлінгені көрсетілген. Сол жақтағы графикте IID (деректерді біркелкі бөлу) әдісі көрсетілген. Оң жақтағы графикте Non-IID (деректерді біркелкі емес бөлу) әдісі көрсетілген.

IID жағдайында әрбір клиенттің екі кластағы деректер саны бірдей болады. Яғни агрессивті және агрессивті емес мәтіндер бірдей көлемде беріледі. Non-IID жағдайда бір клиентте агрессивті мәтін көбірек болу мүмкін, екінші клиентте керсінше агрессивті емес мәтін көп болу мүмкін. Яғни деретер жиынтығындағы класстар біркелкі емес бөлінеді клиенттер арасында.



Сурет 4 – Деректердің екі әдіс бойынша бөлінуі (3,5,7,11 клиент)

Біздің жағдайда Non-IID арқылы шамамен 80/20% бойынша бөлдік. Мысалы: кейбір клиенттер агрессивті мазмұнды бағытталған хабарламаларды пайдалануы мүмкін, ал басқалары керсінше бейтарап хабарламаларды пайдалануы мүмкін. Бұл жалпы пайдаланушылардың қызығушылықтары, мінез-құлқы, жазу стильдері бойынша әртүрлі болатын нақты ортаға көбірек сәйкес келеді.

Эксперимент нәтижелері. Бұл бөлімде модельдерді оқыту үшін қолданылған негізгі параметрлерді анықтадық. Мәселен федеративті оқытудағы раунд саны – 30; эпоха саны – 3; batch өлшемі –16; оптимизатор – Adam; тізбек ұзындығы – 128 болды.

Нәтижесінде келесі көрсеткіштер алынды:

1. DistilBERT әдісі клиент саны артқан кезде тұрақсыз нәтиже берді:
 - IID жағдайында 3 клиент болған кезде – 90% дәлдік көрсетті;
 - IID жағдайында 11 клиентке өскенде 76%-ға дейін төмендеді;
 - Non-IID жағдайында нәтижелер қатты төмендеді 74%-ға.

2. BERT тұрақты өнімділік көрсетті:

- IID жағдайында 3 клиентпен 95%;
- IID жағдайында 11 клиентпен 88%;
- Non-IID жағдайында дәлдік 85%.

3. ALBERT ең жоғары көрсеткішке ие болды. IID жағдайында 11 клиенттің өзінде, 93% дәлдікті көрсетті. Ал Non-IID жағдайында 89%-ды құрады.

Нәтижесінде клиент санының артуы, деректердің біркелкі емес таралуы барлық модельдердің дәлдігін төмендететінің 2-кестеде көрсек болады. Нақты айтқанда ең сезімтал әдіс DistilBERT болды. Ал кез келген ортаға бейім және төзімді әдіс ALBERT болды.


Кесте 2 – Оқыту параметрлері

Number of clients	DistilBERT		BERT		ALBERT	
	IID	Non-IID	IID	Non-IID	IID	Non-IID
3	0.9078	0.8974	0.9581	0.9395	0.9892	0.9593
5	0.8785	0.8583	0.9392	0.9187	0.9796	0.9492
7	0.8078	0.7875	0.9088	0.8983	0.9592	0.9188
11	0.7674	0.7471	0.8885	0.8578	0.9388	0.8987

Модельдердің жұмыс істеу өнімділігін қателесу матрицасын пайдалану арқылы бағаладық. Нәтижесінде:

1. DistilBERT(5-сурет):

- 6400 агрессивті емес және 6607 агрессивті хабарламаны дұрыс анықтады;
- 908 агрессивті емес хабарламаны агрессивті деп қате жіктеді;
- 800 агрессивті хабарламаны танымады.




Сурет 5 – DistilBERT шатастыру матрицасы

2. BERT(6-сурет):

- 7000 агрессивті емес және 7157 агрессивті хабарламаны дұрыс анықтады;


- 308 агрессивті емес хабарламаны агрессивті деп қате жіктеді;
- 250 агрессивті хабарламаны танымады.



Сурет 6 – BERT шатастыру матрицасы

3. ALBERT (7-сурет):

- 7100 агрессивті емес және 7207 агрессивті хабарламаны дұрыс анықтады;
- 208 агрессивті емес хабарламаны агрессивті деп қате жіктеді;
- 200 агрессивті хабарламаны танымады.



Сурет 7 – ALBERT шатастыру матрицасы


Алынған талдау нәтижелері көрсеткендей ALBERT моделі ең жоғары тиімділікті көрсетті. Бұл модельдегі жалған позитивтердің саны 208, ал жалған негативтердің саны небәрі 200 болды. BERT моделі де жоғары тиімділікті көрсетті, бірақ оның жалған позитивті көрсеткіштері ALBERT-ке қарағанда жоғары болды. DistilBERT моделі жеңіл және жылдам болғанымен

салыстырмалы тұрғыда көрсеткіштері өте төмен болды. Нәтижесінде ALBERT моделі ең тұрақты және дәл көрсеткіш берді (4-кесте).

Кесте 4 – Қателесу матрица көрсеткіштері

Model	TN	FP	FN	TP
DistilBERT	6400	908	800	6607
BERT	7000	308	250	7157
ALBERT	7100	208	200	7207

8-суретте раунд санына байланысты көрсетілген модельдердің көрсеткіштерін графикалық тұрғыда ұсынылған. Бұл нәтижелер негізінде модельдердің федеративті оқыту ортасында қолайлы нәтиже беретінің көрсетеді.




Сурет 8 – Раунд саны бойынша өзгерістер графикасы

Графиктерде байқағандай клиент саны артқан сайын барлық модельдерде дәлдік көрсеткіші төмендейді. Бірақта ең осалы DistilBERT моделі екені анық көрсетілген. Бұл федеративті оқытуда және деректер біркелкі емес болған кезде дұрыс модельді таңдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Суретте федеративті оқытудың барлық кезеңдерінде BERT, ALBERT және DistilBERT модельдерінің дәлдігі көрсетілген. Нәтижелерге сәйкес дәлдік мәні раундтар санының артуына байланысты барлық модельдерде біртіндеп өсті. Сонымен қатар, клиенттердің саны аз болса жоғары дәлдік көрсетті. Біздің жағдайда 3 клиенттің қатысуымен барлық модельдер ең жоғары дәлдікке қол жеткізді. Клиенттер саны 5, 7, 11-ге дейін өскен кезде дәлдік біршама төмендеді. Бұл клиенттер арасындағы деректердің біркелкі бөлінбеуіне (non-IID) байланысты.

Модельдер арасында ALBERT жоғары нәтиже берді. Соңғы раундтарда 0,97-ге жетті. BERT моделі де жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, соңғы раундтарда 0,94-ке жетті. DistilBERT жылдам болғанымен төмен нәтиже берді. Оның дәлдігі BERT және ALBERT модельдеріне қарағанда төмен болды(9-сурет).



Сурет 9 – Раунд саны бойынша Loss графикасы

Loss графигі барлық модельдердегі оқу раундтарының санының артуымен қатенің мәні біртіндеп төмендейтінін көрсетеді. BERT моделінде шығындар бастапқы раундта 40% болды. Бірақ 7-раундта ол клиенттер санына байланысты 58%-дан 13%-ға дейін төмендеді. 3 клиентте 58% болды. 11 клиентте 13% болды. ALBERT моделіндегі Loss мәндері бастапқы раундта 35% болса, онда соңғы раундта 3 клиентте 30%, 5 клиентте 38%, 7 клиентте 55% және 11 клиентте 70% дейін төмендеді. Бұл Федеративті оқыту кезінде ең тұрақты оқу динамикасын көрсетеді. Distilbert моделінде бастапқы раундтағы шығындар 45% болды. 7 раундта бұл көрсеткіш 3 клиент – 10%, 5 клиент – 13%, 7 клиент – 20% және 11 клиент – 24% көрсетті. BERT және ALBERT модельдеріне қарағанда қателер жоғары болды.

Жалпы Loss нәтижелеріне келетін болсақ, ALBERT моделінде ең аз қателік байқалды, одан кейін BERT, ал DistilBERT ең жоғары шығын мәндерін көрсетті. Сонымен қатар, шығындар мәні барлық модельдердегі клиенттер санының өсуіне байланысты өсті. Бұл оқыту кезінде клиенттердің көбеюі және деректердің біркелкі бөлінбеуіне әсер ететінін көрсетеді.

Талқылау. Нәтижелер трансформерлік модельдерін федеративті оқытудағы мәтінді жіктеу тапсырмасында тиімді пайдалануға болатындығын көрсетті. Зерттеу BERT, ALBERT, DistilBERT модельдерін қарастырды. Олардың әртүрлі клиент көлеміне байланысты өнімділігін салыстырды.

Модельдер арасында ең жақсы нәтиже ALBERT моделі көрсетті. Соңғы раундта оның дәлдігі 93–97% болды. BERT моделінде бұл көрсеткіш 87–94% деңгейінде, ал DistilBERT моделінде дәлдік шамамен 76–89% болды. Алынған нәтижелерге сүйене отырып ALBERT федеративті ортадағы ең тұрақты, тиімді модель болды. BERT сенімді нәтижелерге қол жеткізді. DistilBERT жеңіл және жылдам модель болғанымен, ол басқа екі модельге қарағанда дәлдігі бойынша нашар нәтиже көрсетті. Клиенттердің көбеюі модельдердің нәтижелеріне әсер ететіні байқалды. Клиенттер саны аз болған кезде дәлдік жоғары болады, ал клиенттер саны артқан сайын көрсеткіш аздап төмендейді. Бұл Федеративті оқытудың басты қиындықтарының бірі.

Шағастыру матрицалары да бұл тұжырымды растайды. ALBERT моделі жіктеу қателіктерінің ең аз санын көрсетті. Ол оның агрессивті және агрессивті емес мәтіндерді сенімді түрде ажырату қабілетін көрсетеді. BERT

моделі де жақсы нәтиже көрсетті. DistilBERT моделінде салыстырмалы түрде көп жіктеу қателері болды. Сондықтан ALBERT жоғары дәлдікті қажет ететін тапсырмаларда тиімдірек екенің көрсетті. DistilBERT шектеулі ресурстар жағдайында қолдануға болатын жеңіл балама ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қорытынды. Бұл зерттеу жұмысында біз федеративті оқыту жағдайында DistilBERT, BERT, ALBERT модельдерінің жұмысын талдадық. Олардың дәлдік көрсеткіші клиент санына және деректердің біркелкі, біркелкі емес құрылымда болуына байланысты екенін зерттедік.

Қорытындылай келе, DistilBERT ең аз дәлдікті көрсетті. IID деректері кезінде (3-клиент) 90% дәлдік көрсетті. Клиент саны артқан сайын көрсеткіш төмендеп, 76%-ға дейін түсті (11-клиент). Non-IID жағдайда дәлдік 70% болды. DistilBERT жіберген қателіктер саныда көп болды: 800 агрессивті хабарламаны танымады.

BERT тұрақты сипатқа ие болды. IID жағдайында дәлдігі 95%-дан (3-клиент) 88%-ға (11-клиент) дейін өзгерді. Non-IID жағдайында 93%-дан 85%-ға дейін төмендеді. Қателік саны DistilBERT-пен салыстырғанда айтарлықтай аз болды.

ALBERT ең жоғары көрсеткіштерді берді. IID деректерінде дәлдігі 98%-дан (3-клиент) 93%-ға (11-клиент) түсті. Non-IID деректерінде дәлдік 95%-дан (3-клиент) 89%-ға (11-клиент) дейінгі көрсеткішті берді. Қателер саны да өте төмен болды: 200 агрессивті хабарламаны танымады.

Болашақта федеративті оқытудағы қауіпсіздік мәселелерін тереңірек қарастыратын боламыз. Мәселен гомоморфты шифрлау, дифференциалды құпиялылық әдістерін қосымша қарастырамыз. Сонымен қатар әртүрлі есептеу қуаты бар құрылғыларда модельдердің қалай жұмыс істейтінін бағалау ойымызда бар. Бұл модельдердің жылдамдығын арттыруға, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

References

Cozac R., Hasic H., & Choong J.J. (2025) kMoL: An open-source machine and federated learning library for drug discovery. *Journal of Cheminformatics*, 17(7). 22 p. DOI: [10.1186/s13321-025-00967-9](https://doi.org/10.1186/s13321-025-00967-9) (in Eng.).

Orabi M.M., Emam O., & Fahmy H. (2025) Adapting security and decentralized knowledge enhancement in federated learning using blockchain technology: Literature review. *Journal of Big Data*, 12. — 55 p. DOI: [10.1186/s40537-025-01099-5](https://doi.org/10.1186/s40537-025-01099-5) (in Eng.).

Kumarappan J., Rajasekar E., & Vairavasundaram S. (2024) Federated learning enhanced MLP–LSTM modeling in an integrated deep learning pipeline for stock market prediction. *International Journal of Computational Intelligence Systems*, 17. — 267 p. DOI: [10.1007/s44196-024-00680-9](https://doi.org/10.1007/s44196-024-00680-9) (in Eng.).

Wang X., Li H., Chen K., & Shou L. (2023) FedBFPT: An efficient federated learning framework for BERT further pre-training. *Proceedings of the 32nd International Joint Conference on Artificial Intelligence (IJCAI)*. — P. 4344–4352 (in Eng.).

Sarhan M., Layeghy S., Moustafa N., & Portmann M. (2023) Cyber threat intelligence sharing scheme based on federated learning for network intrusion detection. *Journal of Network and Systems Management*, 31(3). DOI: [10.1007/s10922-022-09691-3](https://doi.org/10.1007/s10922-022-09691-3) (in Eng.).

Sahu A., El-Ebiary Y.A. B., Saravanan K.A., Thilagam K., Devi G.R., Gopi A., & Taloba A.I.

(2024) Federated LSTM model for enhanced anomaly detection in cyber security: A novel approach for distributed threat. *International Journal of Advanced Computer Science and Applications*, 15(6). — P. 1237–1249 (in Eng.).

Olanrewaju-George B., & Pranggono B. (2025) Federated learning-based intrusion detection system for the Internet of Things using unsupervised and supervised deep learning models. *Cyber Security Applications*, 3, 100068. DOI: 10.1016/j.csa.2024.100068 (in Eng.).

Heidari A., Navimipour N.J., Dag H., Talebi S., & Unal M. (2024) A novel blockchain-based deepfake detection method using federated and deep learning models. *Cognitive Computation*, 16. — P. 1073–1091. DOI: 10.1007/s12559-024-10255-7 (in Eng.).

Markovic T., Leon M., Buffoni D., & Punnekkat S. (2024) Random forest with differential privacy in a federated learning framework for network attack detection and classification. *Applied Intelligence*, 54. — P. 8132–8153. DOI: 10.1007/s10489-024-05589-6 (in Eng.).

McMahan H.B., Moore E., Ramage D., Hampson S., & Agüera y Arcas B. (2017) Communication-efficient learning of deep networks from decentralized data. *Proceedings of the 20th International Conference on Artificial Intelligence and Statistics (AISTATS)*, 54. — P. 1273–1282 (in Eng.).

Konečný J., McMahan B., & Ramage D. (2015) Federated optimization: Distributed optimization beyond the datacenter. *arXiv preprint arXiv:1511.03575* (in Eng.).

Zhao Y., Li M., Lai L., Suda N., Civin D., & Chandra V. (2018) Federated learning with non-IID data. *arXiv preprint arXiv:1806.00582* (in Eng.).

Hsu T.-M. ., Qi H., & Brown M. (2019) Measuring the effects of non-identical data distribution for federated visual classification. *arXiv preprint arXiv:1909.06335* (in Eng.).

Listo Zec E., Mogren O., Martinsson J., Sütfield L.R., & Gillblad D. (2020) Federated learning using a mixture of experts. *arXiv preprint* (in Eng.).

McMahan H.B., Moore E., Ramage D., Hampson S., & Agüera y Arcas B. (2017) Communication-efficient learning of deep networks from decentralized data. *Proceedings of the 20th International Conference on Artificial Intelligence and Statistics (AISTATS)*, 54. — P. 1273–1282 (in Eng.).

Hard A., Rao K., Mathews R., Beaufays F., Augenstein S., Eichner H., Kiddon C., & Ramage D. (2018) Federated learning for mobile keyboard prediction. *CoRR*, abs/1811.03604 (in Eng.).

Devlin J., Chang M.-W., Lee K., & Toutanova K. (2019) BERT: Pre-training of deep bidirectional transformers for language understanding. *Proceedings of the 2019 Conference of the North American Chapter of the Association for Computational Linguistics: Human Language Technologies*, 1. — P. 4171–4186 (in Eng.).

Sanh V., Debut L., Chaumond J., & Wolf T. (2020) DistilBERT, a distilled version of BERT: Smaller, faster, cheaper and lighter. *arXiv preprint* (in Eng.).

Lan Z., Chen M., Goodman S., Gimpel K., Sharma P., & Soricut R. (2020) ALBERT: A lite BERT for self-supervised learning of language representations. *arXiv preprint* (in Eng.).

Riedel P., Reichert M., von Schwerin R., Hafner A., Schaudt D., & Singh G. (2023) Performance analysis of federated learning algorithms for multilingual protest news detection using pre-trained DistilBERT and BERT. *IEEE Access*, 11. — P. 134009–134022. DOI: 10.1109/ACCESS.2023.3334910 (in Eng.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

**www.nauka-nanrk.kz
<http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive>
ISSN2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)**

Managing Editor: *A.Shormakova*
Editors: *D.S. Alenov, T. Apendiev*
Computer layout: *G.D. Zhadyranova*

Signed for print: June 15, 2026
Format: 70×90 1/16. 26.5 printed sheets. Order No. 2.